Казахстанская правда

Бүгінгі нөмірде:

Сегіз беттік сенбілік нөмір газет тілшісі Т. Костинаның Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төрағасының міндетін атқарушы С. Әбділдиннің журналистермен өткізген баспасөз конференциясынан жазған есебімен ашылған, Сондай-ақ бұл бетте журналист В. Срыбныхтың «Саяси күнделік» айдарымен берілген «Зердедегі ескерткіштер хақында» атты проблемалық мақаласы бар.

Жазушы Алтыншаш Жағанованың қоғамдағы әйелдердің ролі жайында әңгіме қозғайтын очеркі, О. Креймердің бірнеше күннен бері Алматыда өтіп жатқан әншілердің Глинка атындағы бүкілодақтық конкурсынан жазған «Шешуші сәт келді» репортажы, әр алуан тақырыптағы хабарлар екінші бетке орналастырылған.

Үшінші беттен С. Мұрзалин мен Р. Әшеновтің «Автомобиль, экономика және саясат» деген мақаласымен танысуға болады. «Нарық және біз» айдарымен ұсынылған бұл материалда машина жасау саласын дамыту жайы әңгімеленеді.

Ал «Оқырман және газет» деген жалпы тақырыппен берілген төртінші бетке оқырмандардың ойлары, ұсыныстары, тілектері топтастырылған.

Редакцияның коммерциялық бөлімі әзірлеген түрлі жарнамалар бесінші бетке орналастырылса, алдағы аптаның телебағдарламасын жетінші беттен табасыздар.

В Николаевтың «Атамандар нені ескермеді?» мақаласын, Қазақ КСР әлеуметтік қамсыздандыру министрі З. Қадыровамен ҚазТАГ тілшісі жүргізген сұхбатты, спортқа арналған бөлімді соңғы беттен оқисыздар.

ДӘҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ ҮЙІҢІЗДЕ

21—27 қазан

ДҮЙСЕНБІ

21 ҚАЗАН

АЛМАТЫ. Орыс тілінде: 17.55 «Ауыл және мектеп». Атбасар ауданы мектептері туралы әңгіме. Ақмола теледидарының хабары. 18.30 КСРО халықтарының музыкасы. «Видзем күзінің әндері». Фильм-концерт. 18.55 Жаңалықтар. 19.00 Алматы теледидары. 20.00 «Қазақстан». **Қазақ тілінде:** 20.25 «Қазақстан». 20.45 «Тіршілік». 21.30 Мәскеу. Ақпарат бағдарламасы. 22.10 Әлем жаңалықтары. 22.20 «Жұлдыз» журналы — Жәйремде». 22.50 «Айналайын». Көркем фильм. 00.00 Су полосынан КСРО біріншілігі. Әйелдер. «Химик» (Жамбыл) — «Уралочка» (Злотоус). 00.30 Ауа райы.

«АЛАТАУ». 18.05 Мультфильм. 18.15 «Замана бұлбұлдары». Иса Байзақов. 19.00 «Жамбыл жерінде». Телефильм. 19.30 «Айна». (Ақпарат. Ән-күй. Жарнама). 20.00 «Балалық шақ үйі». Телефильм. 20.25 «Базарлық». Жұлдыз ән шырқайды. (ҚХР). 20.45 Жасөспірімдерге арналған музыкалық кеш. «Кармен-сюита». 21.35 «Жұлдызым менің жоғары». Талдықорған драма театры спектаклінің 1-2 бөлімдері.

МӘСКЕУ. 7.00 «Таңсәрі». 9.35 Футболға шолу. 10.05 Салтыков – Щедрин. «Көлеңкелер». Телеқойылым. 12.00 Мультфильм. 12.30 ТЖҚ. 12.50 «Көп үн — бір әлем». Әртүрлі елдердің халық ертегілері мен аңыздары. (Нидерландия). 12.55 — 13.55 «Марафон—15». 15.30 ТЖҚ. 15.45 «Бәрі де өтті». 16.00 «Тыңдаңдар, әр бөлімшеде». Көркем телефильмнің 1-сериясы. 17.10 Балалар сағаты (француз тілі сабағымен). 18.10 «Он бір жыл және бүкіл өмірі». 18.55 «Қойын дәптер». 19.00 ТЖҚ. 19.15 «Нарық. Сәт сағаты». 19.45 «Ресей менің түсіме сирек кіреді». Т. И. Шаляпиннің өмірі мен шығармашылығына арналған деректі фильм. 20.20 «Иф қорғанының тұтқыны». Көркем фильмнің 1-фильмі. «Аббат Фариа». 1-серия. 21.30 Ақбарат бағдарламасы. 22.10 Футболға шолу. 22.40 Салтыков — Щедрин. «Көлеңкелер». Телеқойылым. 00.30 ТЖҚ. 00.45 Авторлық теледидар. 02.30 — 03.40 «Иф қорғанының тұтқыны». Көркем фильмнің 1-фильмі. «Аббат Фариа». 1-серия.

II БАҒДАРЛАМА. 15.40 «Кішкентай стансадағы адам». Көркем телефильм. 16.50 Суреткерлер туралы әңгіме. Н. Ромадин. 17.30 Музыкалық телеабонемент. 18.30 Мультфильм. 18.45 «Хайуанаттар әлемінде». 19.30 «Жеке пікір». 19.40 «Әр қырынан». Көркем - публицистикалық бағдарлама. 20.25 Жарнама. 20.30 «Хабар-ошар». 20.50 Кешкі ертегі. 21.05 Шаруашылық мәселесі. «Қасиетті қайнар». 21.35 Екатеринбургтың таңдаулы деректі фильмдері. 22.35 «Бесінші доңғалақ». Көркем-публицистикалық бағдарлама. 23.25 Жарнама. 23.30 «Хабар-ошар». 23.45 — 01.00 «Бесінші доңғалақ». Бағдарламаның жалғасы.

БІШКЕК. 18.30 «Жастық» баспасөз барының ашылуы. 19.00 «Ала-Тоо». 19.30 «Жастық» баспасөз барының жалғасы. 21.30 Мәскеу. Ақпарат бағдарламасы. 22.10 Бішкек. «Дүйсенбінің кешінде».

СЕЙСЕНБІ

22 ҚАЗАН

АЛМАТЫ. Қазақ және орыс тілдерінде: 12.00 «Қазақтелефильм» туындысы. «Сенім». 12.20 Жаңалықтар. 12.30 «Қызыл отау». Көркем фильм. 13.35 «Ән мұраты». Құрмаңғазы Дінәшілов ән шырқайды. 14.00 Әлем жаңалықтары. 14.10 Орта Азия республикаларының кинопублицистикасы. «Отан қызметінде». Көркем фильм. («Өзбекфильм»). 15.45 Шығыс халықтарының «Газел» ән-би ансамблінің концерті. 16.20 Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген артист Жұмабай Медетбаев ән шырқайды. Фильм-концерт. 16.40 Жарнама, ауа райы. **Қазақ тілінде:** 18.00 Бағдарлама. 18.05 «Халқыма хат». Ақын Әкімулі Қаржауұлы. 18.55 Жаңалықтар. 19.00 Алматы теледидары. 20.00 «Қазақстан». **Орыс тілінде:** 20.25 «Қазақстан». 20.45 «Біздер». 21.30 Мәскеу. Ақпарат бағдарламасы. 22.10 Алматы. Жарнама. 22.15 Әлем жаңалықтары. 22.25 «Мұхамед Салық мырзаның өмірі мен ажалы». Деректі фильммен таныстық. 23.25 Жарнама. 23.30 «Мефистофель». Көркем фильмнің 1-сериясы. (ФРГ — ВНР). 00.35 Ауа райы.

«АЛАТАУ». 18.05 «Туған жер әуендері». Ақын Шәмішбай Сариев. 19.30 «Айна». (Ақпарат. Ән-күй. Жарнама). 20.00 «Толғау». Секен Тұрысбеков күй шертеді. Фильм-концерт. 20.20 Киносуреттеме. **Ұйғыр тілінде:** 20.25 «Ахбарат». 20.30 «Шарын шатқалында». Телефильм. 20.45 Талдықорған облысы Панфилов қаласы Чайковский атындағы музыка мектебі оқушыларының концерті. **Қазақ тілінде:** 21.30 «Атамұра» телеэнциклопедиясы. «Сымбат» 22.15 «Өлең — сөздің патшасы». Ақын Гүлсім Сейілжанова.

МӘСКЕУ. 7.00 «Таңсәрі». 9.35 «Иф қорғанының тұтқыны». Көркем телефильмнің 1-фильмі. «Аббат Фариа». 1-серия. 10.40 Балалар сағаты (француз тілі сабағымен). 11.40 «Цирк сахнасында». 12.30 ТЖҚ. 12.45 «Биржа жаңалықтары». 13.00 ТЖҚ. 13.45 «Ендіктегі әлемдерде». 14.45 «Телемикст». 15.30 ТЖҚ. 15.45 «Масловкадағы үй». Деректі фильм. 16.15 «Тыңдаңдар, әр бөлімшелерде». Көркем телефильмнің 2-сериясы. 17.20 «Чемпиондармен бірге». 17.35 Балалардың музыкалық клубы. 18.20 Мультфильм. 18.40 Биржа жаңалықтары. 19.00 ТЖҚ. 19.15 «Қойын дәптер». 19.20 «Әуесқойлық». 19.35 «Баспалдақтар». 20.20 «Иф қорғанының тұтқыны». Көркем фильмнің 1-фильмі. «Граф Монте — Кристо». 2-серия. 21.30 Ақпарат бағдарламасы. 22.10 «Өнер шеберлері». КСРО халық артисі. Ю. Яковлев. 23.30 Парламент күнделігі. 23.45 Мәскеудегі діни музыкаға арналған III халықаралық фестиваль. Белоруссия мемлекеттік телерадио хоры концерті. 00.30 ТЖҚ. 00.45 «Сөз». 01.50 «Епископ Василий Розянкомен сұхбат». 13-хабар. 02.10 Атлетизмнен КСРО біріншілігі. 02.55 — 04.05 «Иф қорғанының тұтқыны». Көркем фильмнің 1-фильмі. «Граф Монте-Кристо». 2-серия.

II БАҒДАРЛАМА. 9.00 Таңертеңгілік жаттығу. 9.15 «Жексенбі күні тоғайға», «Вавака». Деректі фильмдер. 9.35 Француз тілі. 1-оқу жылы. 10.05 Француз тілі. 2-оқу жылы. 10.35 Мультфильм. 10.40 Мәскеу камералық хорының концерті. 11.25 «Орыс мәдениеті туралы әңгіме». 6-хабар. 12.00 «Бесінші доңғалақ». Көркем-публицистикалық бағдарлама. 14.00 «Азаматтық талап». Көркем телефильмнің 1-сериясы. 15.05 Ырғақты гимнастика. 15.35 — 16.35 «Ақ қайыңның үні». Деректі фильм. 17.45 «Саяхаттар клубы». 18.45 «Мен сізді сүйемін...». А. С. Пушкиннің өлеңдері. 19.05 Компьютермен сұхбат. 19.45 «Қиыр Шығыс». Телешолу. 20.30 «Хабар-ошар». 20.50 Кешкі ертегі. 21.05 Концерт. 22.05 Екатеринбург документалистерінің таңдаулы фильмдері. 22.55 «СКВ». Саудасаттықтың арнайы жаршысы. 23.05 ТЖМК ең шалғайға дейін... 23.30 Жарнама. 23.35 «Хабар-ошар». 23.55 — 00.25 «Сүйікті орыс романстары».

БІШКЕК. 18.35 Мультфильмдер. 19.00 «Ала-Тоо». 19.30 «Кәдімгі жылан». Телефильм. 19.50 «Сіздерге арналған кездесу». Орталық теледидардың дикторы профессор И. Кирилов бізде қонақта. 20.20 «Бәрімізге ортақ үй». Дүнген тілінде хабар. 20.50 «Садыр аға әңгімесі». 21.30 Мәскеу. Ақпарат бағдарламасы. 22,10 Бішкек. «Назар». 22.15 «Жыр кесесі».

СӘРСЕНБІ

23 ҚАЗАН

АЛМАТЫ. Қазақ және орыс тілдерінде: 12.00 Мультфильмдер. 12.20 Жаңалықтар. 12.30 Күндізгі телесеанс. «Тағдыры таусылған кен орны». Көркем фильм. 13.55 Әлем жаңалықтары. 14.05 Абай Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына. «Абайдың лирикалық өлеңдері». 14.20 Жасөспірімдерге арналған музыкалық кездесулер. «Кармен-сюита» балеті. Хабарды композитор Жолан Дәстенов жүргізеді. 15.10 «Мефистофель». Көркем фильмнің 1-сериясы. (ФРГ — ВНР). 16.15 «Көтеріңкі көңілкүй». 16.20 Жарнама, ауа райы. **Орыс тілінде:** 17.55 Бағдарлама. 18.00 «Игі адамдар». Роллан Сейсенбаев. «Әлем күйреген күн». 18.55 Жаңалықтар. 19.00 Алматы теледидары. 20.00 «Қазақстан». **Қазақ тілінде:** 20.25 «Қазақстан». 20.45 «Дөркенбайдың музейі». Этнографиялық музей туралы хабар. 21.20 «Төрт ән». Фильм-концерт. 21.30 Мәскеу. Ақпарат бағдарламасы. 22.10 Алматы. Әлем жаңалықтары. 22.20 «Шежіре». «Мақпыстау өрнектері». 23.00 «Артық адам». Көркем фильм. 00.35 Ауа райы.

«АЛАТАУ». 18.05 «Құралай сұлу». Хабар. 18.45 «Республика өмірінің өзекті мәселелері». Хабар. 19.15 «Әшір Молдағайыновтың әндері». Фильм-концерт. 19.30 «Айна». (Ақпарат. Ән-күй. Жарнама). 20.00 «Алтынбектің әндері». Фильм-концерт. **Ұйғыр тілінде:** 20.50 «Ахбарат». 20.55 «Лағманға шақырамыз». Телефильм. 21.15 «Нава» ансамблінің концерті. **Қазақ тілінде:** 21.55 «Он үшінші немере». Көркем фильм.

МӘСКЕУ. 7.00 «Таңсәрі». 9.35 «Иф қорғанының тұтқыны». Көркем фильмнің 1-фильмі. «Граф Монте-Кристо». 2-серия. 10.40 Балалардың музыкалық клубы. 11.25 «Сөз» шығармашылық бірлестігі ұсынады. 12.30 ТЖҚ. 12.45 В. Моцарттың концерті. 13.20 — 13.30 «Биржа жаңалықтары». 15.30 ТЖҚ. 15.45 «Менің сүйікті көргеншіндерім». Деректі фильм. 16.05 «Күйреген трест». Көркем телефильмнің 1-сериясы. 17.10 Балалар сағаты (ағылшын тілі сабағымен). 18.10 «Жер шары». 18.55 «Қойын дәптер». 19.00 ТЖҚ. 19.15 БҰҰ жақсы болашақ үшін. 19.55 «Иф қорғанының тұтқыны». Көркем фильмнің 2-фильмі. 21.30 Ақпарат бағдарламасы. 22.10 Ересектерге арналған мультфильмдер. 22.30 Спорт бағдарламасы. 00.30 ТЖҚ. 00.45 Парламент күнделігі. 01.00 Музыкалық қазына. 01.30 — 03.05 «Иф қорғанының тұтқыны». Көркем фильмнің 2-фильмі.

II БАҒДАРЛАМА. 9.00 Таңертеңгілік жаттығу. 9.15 Мультфильм. 9.35 Неміс тілі. 1-оқу жылы. 10.05 Неміс тілі. 2-оқу жылы. 10.35 «Орон көлінде». Деректі фильм. 10.55 А. Адосикиннің авторлық бағдарламасы. 12.00 «Белгісіз Ресей». «Қайнар бұлақ». 12.35 «ТЖМК ең шалғайға дейін...» 13.05 «К—2 ұсынады». 13.50 «Азаматтық талап». Көркем телефильмнің 2-сериясы. 14.55 — 15.25 Еділ жағалауы халықтарының Нижний Новгородта өткен II-фольклорлық фестивалі. 16.40 Режиссер Г. Садырбаевтың деректі фильмдері. 17.25 Мультфильм. 17.45 Менеджерлер мектебі. 18.15 Ресейдің парламенттік жаршысы. 18.30 «Патриссия Каас—Мәскеуде». 20.30 «Хабар-ошар». 20.45 Кешкі ертегі. 21.00 Екатеринбург документалистерінің таңдаулы фильмдері. 21.50 Жарнама. 21.55 Футболдан чемпиондар кубогы. «Динамо» (Киев) — «Брондбю» (Дания). 23.50 «Хабар-ошар». 00.10 — 01.00 Фил Донахьюдің бағдарламасы.

БІШКЕК. 18.35 Мультфильм. 18.45 «Көне заман мұрасы». 19.00 «Ала-Тоо». 19.30 «Жеңіске бірлессек жетеміз». «Халық бірлігі» қозғалысы ұйымдастыру комитетінің мүшесі, Қырғызстан республикасының халық депутаттары М. Байджиев және Ю. Разгуляевпен сұхбат. 20.30 Ош. «Өнержай — 91». 21.00 «Герард Васильев ән шырқайды». Фильм-концерт. 21.15 «Шағын қалалар мәселесі». Шахтерлер қаласы Қызылқияқтың көкейкесті мәселелері жайында. 21.30 Мәскеу. Ақпарат бағдарламасы. 22.10 Бішкек. «Менің жырым». М. Рысқұлбеков.

БЕЙСЕНБІ

24 ҚАЗАН

АЛМАТЫ. Қазақ және орыс тілдерінде: 12.00 «Қазақтелефильм» туындысы. «Юрий Домбровскийдің алауы». 12.30 Жаңалықтар. 12.40 «Сайтан көпір». Көркем фильм. 13.55 «Күзгі әуендер». Фильм-концерт. 14.30 «Мефистофель». Көркем фильмнің 2-сериясы. (ФРГ — ВНР). 15.35 Одақтас республикалардың кинопублицистикасы. «Музыка сабағы». 15.55 «Ұрпақ үні». Фильм-концерт. 16.25 Жарнама, ауа райы. **Қазақ тілінде:** 17.30 Бағдарлама. 17.35 Шаруалар одағының келелі мәселелері. 18.05 Қазақстан курорттары. «Барлық — Арасан» санаторийі. 18.55 Жаңалықтар. 19.00 Алматы теледидары. 20.00 «Қазақстан». **Орыс тілінде:** 20.25 «Қазақстан». 20.45 «Уақыт тарауы». Минск қаласында өткен телефильмдерге арналған Бүкілодақтық байқаудың жүлдегер фильмімен таныстық. 21.25 Жарнама. 21.30 Мәскеу. Ақпарат бағдарламасы. 22.10 Алматы. Әлем жаңалықтары. 22.20 «Оралда болған оқиға. Толғаныстар мен қорытындылар». 1-хабар. 23.30 «Саясаттан басқаның бәрі...». 00.30 Ауа райы.

«АЛАТАУ». 18.05 «Қазақтелефильм» туындысы. «Сарыарқа төріндегі қала». 18.25 «Халық қазынасы». 19.30 «Айна». (Ақпарат. Ән-күй. Жарнама). 20.00 «Гүлдәурен». Торғай облысы Жангелдин ауданы «Албарбөгет» совхозы көркеменерпаздарының концерті. **Ұйғыр тілінде:** 20.25 «Ахбарат». 20.30 Мультфильм. 20.40 «Арзу» ансамблінің концерті. 1-бөлім. **Қазақ тілінде:** 21.30 «Қарайла». Көркем фильм.

МӘСКЕУ. 7.00 «Таңсәрі». 9.35 «Иф қорғанының тұтқыны». Көркем фильмнің 2-фильмі. 11.10 Мультфильмдер. 11.40 Футболдан УЕФА кубогы. 1/16 финал. Үзілісте (12.30) — ТЖҚ. 13.35 — 13.50 Ішкі істер министрлігі мәліметтерінен. 14.45 «Телемикст». 15.30 ТЖҚ. 15.45 «Жеңімпаздар». 16.45 «Күйреген трест». Көркем телефильмнің 2-сериясы. 17.50 «Ауыл өмірі». 18.05 «Ашық әңгіме». 18.55 «Қойын дәптер». 19.00 ТЖҚ. 19.10 «Он алты жасқа дейін және одан жоғары». 19.50 Футболдан УЕФА кубогы. 1/16 финал. 21.30 Ақпарат бағдарламасы. 22.10 Ішкі істер министрлігінің мәліметтерінен. 22.25 «Ескі таныстардың семья жаңалықтары». «Артем». Деректі фильмнің 1-2-сериялары. Үзілісте — Парламент күнделігі. 00.15 ТЖҚ. 00.30 Музыкалық болжам. 01.00 «Епископ Василий Родзянкомен сұхбат». 14-хабар. 01.20 — 02.10 И. Гайднның шығармаларынан концерт.

II БАҒДАРЛАМА. 9.00 Таңертеңгілік жаттығу. 9.15 «Шәйнек сұрақтары». Деректі фильм. 9.35 Испан тілі. 1-оқу жылы. 10.05 Испан тілі. 2-оқу жылы. 10.35 Мультфильм. 11.00 «Өз басымнан өткізген жылдар». Наум Коржавин. 12.00 «Козьма Минин тағдырына түсінік». Деректі фильм. 12.30 Подольскийдің епископы Виктор, В. Лихачев, С. Ямщиков «Шынды бұрышы және Яма алаңы» бағдарламасында. 13.00 «Сталиннің алдында жерлеу». Деректі фильм. 13.30 «Беймәлім Ресей». «Елена мен Сергей». 14.00 «Махаббат шоқжұлдызы». Көркем телефильмнің 1-сериясы. 15.05 «Богоявлин жайлауының қазынасы». Деректі фильм. 15.35 «Болғаны алты шек». Гитаршы А. Кузнецовтың қатысуымен фильм-концерт. 16.10 — 16.40 Ырғақты гимнастика. 17.45 «Зеректерге арналған тапсырма». 18.15 «Орыс тілі». 18.45 «Байланыс — форум». 19.15 «Шешем, әкем және мен». 19.45 «Әр қырынан». Көркем-публицистикалық бағдарлама. 20.30 «Хабар-ошар». 20.50 Кешкі ертегі. 21.05 Екатеринбург документалистерінің таңдаулы фильмдері. 22.00 РКФСР Жоғарғы Кеңесі сессиясында. 22.30 «Бесінші доңғалақ». Көркем-публицистикалық бағдарлама. 23.30 «Хабар-ошар». 23.50 ТЖМК ең шалғайға дейін... 23.55 «Сүйікті орыс романстары».

БІШКЕК. 18.35 Мультфильм. 18.45 «Тағы да жекеменшік жайында». 19.00 «Ала-Тоо». 19.30 «Гүлдесте». Республика қауіпсіздендіру мекемесінің 70 жылдығына арналған хабар. 20.00 «Қаламгер». 21.00 «Менеджерлер мектебі». «Бір семинарға түсінік». 21.30 Мәскеу. Ақпарат бағдарламасы. 22.10 Бішкек. «Назар». 22.15 «Қ. Тыныстановқа — 90 жыл». «Халық қадірлеген Қасым». Салтанатты кештен хабар.

ЖҰМА

25 ҚАЗАН

АЛМАТЫ. Қазақ және орыс тілдерінде: 12.00 Мультфильмдер. 12.20 Жаңалықтар. 12.30 Күндізгі телесеанс. «Ақшыл көк шар». Көркем фильм. 13.45 «Жыр жазамын жүрегімнен». Ақын Рысты Шотбаева. 14.00 Әлем жаңалықтары. 14.10 «Егер біз лаулап жанбасақ». КСРО халық депутаты Мұхтар Шахановтың қатысуымен хабар. 15.15 «Классикалық музыкадан концерт». 15.40 «Сарқанд байлығы — ел игілігіне». Нарықтық экономика жағдайында туындаған мәселелер. 16.20 «Бастау». Ыбырай Алтынсарин. Туғанына 160 жыл толуына. 16.45 Жарнама, ауа райы. **Орыс тілінде:** 17.45 Бағдарлама. 17.50 Теледидардың көрме залы. «Ольга Кужаленко». 18.20 «Қазақфильмнің» жаңа туындысы. «Биянхудың ұрпақтары». Кіріспесезді деректі фильм. 18.55 Жаңалықтар. 19.00 Алматы дидары. 20.00 «Қазақстан». **Қазақ тілінде:** 20.25 Қазақстан». 20.45 «Атамұра» телеэнциклопедиясы. «Сымбат». 21.30 Мәскеу. Ақпарат бағдарламасы. 22.10 Алматы. Әлем жаңалықтары. 22.20 Шыңжаң-Ұйғыр Автономиялы Районың теледидары. (ҚХР). «Батысқа сапар». 25-сериялы көркем фильм. 1-сериясы. 23.05 «Туған жер әуендері». Б. Қыдырбекованың авторлық кеші. 00.20 Су полосынан КСРО біріншілігі. Ерлер. «Динамо» (Алматы) — «Динамо» (Львов). 00.50 Ауа райы.

«АЛАТАУ». 18.05 Мультфильм. 18.15 «Домбыра-дастан». Халық композиторы Сейтен Оразалиев. 19.10 «Сакаделев ісі». Телефильм. 19.30 «Айна». (Ақпарат. Ән-күй. Жарнама). 20.00 «М. Әуезов ауылындағы той». **Ұйғыр тілінде:** 20.50 «Ахбарат». 20.55 Мультфильм. 21.05 «Арзу» ансамблінің концерті. 2-бөлім. **Қазақ тілінде:** 21.50 «Асыл мұра». «Ахмет Байтұрсынов — сөз зергері». Хабар. 22.20 «Біз тарихымызды қалай жазамыз». Хабар.

МӘСКЕУ. 7.00 «Таңсәрі». 9.35 «Инновация». 9.50 «Он алты жасқа дейін және одан жоғары...». 10.30 Балалар сағаты. (ағылшын тілі сабағымен). 11.30 Мультфильм. 11.40 — 13.30 «Ескі таныстардың семьялық жаңалықтары». «Артем». Деректі фильмнің 1-2-сериялары. Үзілісте (12.30). — ТЖҚ. 15.30 ТЖҚ. 15.45 «Әзілкештермен біргесіздер». 17.00 «Күйреген трест». Көркем телефильмнің 3-сериясы. 18.00 Биржа жаңалықтары. 18.35 «Әріптестер». 19.00 ТЖҚ. 19.15 «Адам және Заң». 20.00 «ВИД» ұсынады. 21.30 Ақпарат бағдарламасы. 22.10 Футболға шолу. 22.40 «ВИД» ұсынады. 01.55 ТЖҚ. 02.10 Парламент күнделігі. 02.25 «Поэзия». С. Есенинге арналады. 03.25 — 04.50 «Карл Мойк шақырады». (Австрия).

II БАҒДАРЛАМА. 9.00 Таңертеңгілік жаттығу. 9.20 Н. Пейко Квинтет-вариация 9.35 Ағылшын тілі. 1-оқу жылы. 10.05 Ағылшын тілі. «АҚШ-тың семья альбомы». 10.35 Мультфильм. 11.00 Ю. Нагибиннің авторлық бағдарламасы. «М. Ю. Лермонтов. Өмір беттері мен шығармашылығы». 12.00 «Бесінші доңғалақ». Көркем-публицистикалық бағдарлама. 14.00 «Махаббат шоқжұлдызы». Көркем телефильмнің 2-сериясы. 15.10 Концерт. 15.30 — 16.35 К. Гоццей. Театрға арналған ертегілер. 17.30 «Мұраны ақылмен бөл». Ғылыми-көпшілік фильм. 18.00 «Адам Смиттің ақша әлемі». 18.35 «Делегатскаядағы музей». 19.15 «Кәсіптік және дәстүр». 19.30 Театр жарнамасы. В. Васильев. «Золушка» балетін дайындау. 20.30 Ресейдің парламенттік жаршысы. 20.45 «Хабар-ошар». 21.05 Жарнама. 21.10 Кешкі ертегі. 21.25 «Жаршы». «Зальцбургте». 21.50 Екатеринбург документалистерінің таңдаулы фильмдері. 22.50 РКФСР Жоғарғы Кеңесі сессиясында 23.15 Жарнама. 23.25 «Хабар-ошар». 23.45 — 00.15 «Есерсоқтар марафоны». Ойын-сауық бағдарламасы.

БІШКЕК. 18.35 Мультфильм. 18.45 «Көне заман мұрасы». 19.00 «Ала-Тоо». 19.30 «Мезгіл байланысы». 19.50 «Қырғызтелефильмнің» туындысы. «Мен жұмысшымын». Телефильм. 20.10 Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің баспасөз қызметі хабарлайды. 20.30 Жалалабад. «Мемлекеттік тіл». 21.00 «Бәрімізге ортақ үй». Ұйғыр тілінде хабар. 21.30 Мәскеу. Ақпарат бағдарламасы. 22.10 Бішкек. Ақын және драматург Қ. Маликовтың 80 жылдығы «Біздің Құбанышбек».

СЕНБІ

26 ҚАЗАН

АЛМАТЫ. Қазақ және орыс тілдерінде: 9.00 Мультфильмдер. 9.30 Балалар ән шырқайды. 10.20 «Айналайын». Көркем фильм. 11.30 «Эстафета». 12.00 «Қазақтелефильм» туындысы. «Мұрагер». 12.15 «Шашу» музыкалық бағдарламасы. 12.55 «Аппликация». Жастар бағдарламасы. 13.35 Жарнама. **Қазақ тілінде:** 13.40 «Ғарыш қонағы». II-хабар. 14.00 Алматы дидары. 15.00 «Елім-ай». «Мақаншы өңірінде өткен той». 2-хабар. 16.00 Мультфильм. 16.10 «Онкологтар симпозиумы». 16.40 «Қағажу қалған аудандар». Ақтөбе облысы Шалқар ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған хабар. 17.15 «Ақындар шықты айтысқа». 18.30 «Қазақтелефильм» туындысы. «Ұлытау... Ғасырлар үні». 19.00 «Қазақстан». 19.25 «Тамашаның» концерттік бағдарламасы. 19.55 Бағдарлама. **Орыс тілінде:** 20.00 «Қазақстан». 20.25 «Сіздерге арналған кездесу». Глинка атындағы Бүкілодақтық 14-ші әншілер бәйгесінен кейінгі ойлар. 21.25 Жарнама. 21.30 Мәскеу. Ақпарат бағдарламасы. 22.10 Алматы. «Азат» концернімен таныстық. (Ақмола қаласы). 22.40 Қазақ теледидарының киносалы. 23.40 Кешкі ойын-сауық отауы. «Тарас Бульба» (АҚШ). 01.40 Ауа райы.

«АЛАТАУ». 18.05 Мультфильм. 19.15 «Ел іші — өнер кені». Көрім Ілиясов ән шырқайды. 19.00 «Қазақстан». 19.25 «Есенсай аңғары». Телефильм. 19.35 Ақын Қуандық Шаңғытбаев. **Ұйғыр тілінде:** 20.30 «Ахбарат». 20.35 «Сайдат». Әйелдерге арналған телеклуб. **Қазақ тілінде:** 21.30 «Нарық пен парық». Талдықорған облысы, Панфилов ауданы, Октябрьдің 40 жылдығы атындағы агрофирманың бүгінгі келбеті. 21.45 «Шеше, мен тірімін». Көркем фильм.

МӘСКЕУ. 7.00 Ырғақты гимнастика. 7.35 Мультфильм. 8.00 «Достық концерті». 8.30 Ырғақты гимнастика. 9.00 ТЖҚ. 9.15 «Денсаулық». 9.45 «Хайуанаттар әлемінде». 10.30 «Бурда моден» ұсынады... 11.00 Таңертеңгілік ойын-сауық бағдарламасы. 11.30 «Әуесқойлық». 11.45 Ән туралы естеліктер. 12.20 Экологиялық шолу. 12.35 Мультфильм. 12.40 Режиссер А. Белинскийдің фильмдері. «Бальзаминовтың үйленуі». 14.00 «Экономикалық агенттік». 15.00 «Өзіңе-өзің көмектес». 15.50 Ертегілер мен таңғажайып оқиғалар әлемінде. «Жоғалған уақыт туралы хикая». Көркем фильм. 17.20 «Адамдар және тарих». Жоғары класс оқушыларына арналған хабар. 18.20 «Мәскеу — әсем қала». Деректі фильмнің 1-фильмі. 19.05 Баскетболдан кәсіпқойлар арасында АҚШ біріншілігі. «Чикаго Буллз» — «Лос Анджелес лейкерс». 20.05 «Мамыр айының арасы». Мультфильмнің 17-сериясы. 20.30 «Музыка және сән». 21.30 Ақпарат бағдарламасы. 22.10 «Эдди Хольмнің екінші өмірі». Көркем телефильм. 23.40 Парламент жаршысы. 23.55 «Бір көргеннен құлай сүю». 1-күн. 00.35 «Бір бенефистің тарихы». 01.50 — 04.00 «Қайнар». Көркем телефильмнің 1-2-сериялары.

II БАҒДАРЛАМА. 8.30 Таңертеңгілік жаттығу. 8.45 Мультфильм. 9.05 «Пост-Монтре—91» фестивалі. 11.05 «Армысыңдар». Иркутск семьясының тарихы. 11.30 «Қосымша он бір». 13.30 Екатеринбург документалистерінің таңдаулы фильмдері. 14.30 «Өз тұрғысынан». 14.50 «Ұмыт болған естеліктер». Халық дәстүрлерінің қайта оралуы». 15.35 «Аманат». 16.30 РКФСР Жоғарғы Кеңесі сессиясында. 17.10 «Мөлдір тоғандағы үй». 18.50 «Республика шығармашылық-өндірістік бірлестігінің туындысы. 19.45 В. Познер мен Ф. Донахьюдің бағдарламасы. 20.35 «Хабар-ошар». 20.55 Кешкі ертегі. 21.10 «КСРО баспасөз аруы». 21.45 Футболдан мүгедектер арасында әлем кубогы. 22.10 «Росмузимпорт». 23.10 Жарнама. 23.15 «Хабар-ошар». 23.35 «Джаз кемесі». Музыкалық бағдарлама. 00.05 «Эротиссимо». Көркем фильм. (Франция). 01.30 — 02.10 Баскетболдан КСРО біріншілігі. ВЭФ (Рига) — ЦСКА.

БІШКЕК. 17.35 Мультфильм. 17.45 Жарнама. 17.50 «Менің немерелеріме арналған цирк». Телефильм. 19.00 «Ала-Тоо». 19.30 «Шипагер». 20.00 «Қайырлы кеш». Бішкек. 20.30 КСРО халық артисі Е. Тұрсыналиевтың 60 жылдығына. 21.30 Мәскеу. Ақпарат бағдарламасы. 22.10 Бішкек. Кешкі ойын-сауық отауы. «Индио». Көркем фильм.

ЖЕКСЕНБІ

27 ҚАЗАН

АЛМАТЫ. Қазақ және орыс тілдерінде: 9.00 «Қайырлы таң». 10.00 Мультфильмдер. 10.20 «Көтеріңкі көңіл-күй». 10.45 «Спорт әлемінде». 11.15 Жоғары класс оқушыларының жас кәсіпқойлармен кездесуі. 12.15 Шыңжаң-Ұйғыр Автономиялы Районы теледидары (ҚХР). «Батысқа сапар». Көркем фильм. 2-серия. 13.00 Жамбыл облысы Сарысу ауданы Ықылас атындағы музыкалық мектептің «Өрлеу» фольклорлық ансамблінің концерті. 13.40 «Ой-өрісі». Ғылыми-танымдық бағдарлама. 14.30 «Әкімшілік әлемі». Оңтүстіктегі отын мәселесі. 15.00 «Алтайдан Атырауға дейін». Эфирде — Орал. 16.00 «Ақтолқын». 16.30 Жарнама. 16.35 «Өрнек». Фильм-концерт. **Орыс тілінде:** 17.05 М. Макогованың орындауында орыс халық әндері. 17.25 «Қайырлы кеш». Неміс тілінде хабар. 18.05 «Қабанбай батыр». 19.00 «Қазақстан». 19.20 Жарнама, музыка. **Қазақ тілінде:** 19.30 «Терме». Ерқасым Алданов. 20.00 «Қазақстан». 20.20 «Дидар». «Сана» шығармашылық бірлестігінің әдеби арнасы. 21.30 Мәскеу. Ақпарат бағдарламасы. 22.10 Алматы. Д. Исабеков. «Мұрагерлер». Телеқойылым. 00.05 Футболдан КСРО біріншілігі. «Қайрат». (Алматы) — «Зенит» (Санкт – Петербург) 2-тайм.

«АЛАТАУ». 16.35 Мультфильм. 16.45 «Айқабақ». Халық ісмері Намазбай Оспанов. 17.00 «Қайран шешем». Көркем фильм. 18.30 «Кездесу». Телефильм. 20.10 Мультфильм. 20.20 «Сиқырлы алма». Көркем фильм. **Қазақ тілінде:** 21.30 «Вайнах» ансамблінің концерті. (Чечен—Ингушетия). 22.05 «Болып көрмеген оқиға». Көркем фильм.

МӘСКЕУ. 8.30 Ырғақты гимнастика. 9.00 ТЖҚ. 9.25 «Спорт-лото». 9.40 «Біздің бау». 9.55 «Азанмен ертелеп». 10.40 «Отанға қызметте». 11.40 «Таңғы жұлдыз». 12.40 «Саяхатшылар клубы». 13.40 «Ауыл өмірі». 14.40 «Көп үн — бір әлем». Әртүрлі елдердің халық ертегілері мен аңыздары». (Кот-д, Ивуар). 14.45 «Жаңа есімдер». 15.20 Мультфильм. 15.30 ТЖҚ. 15.45 «Бүгінгі ұрпақтың таңдауы». «Жасөспірім — банк». 16.55 Әлем жаңалықтары. 17.25 «Уолт Дисней» ұсынады. 18.15 «Артист құрметіне». А. Райкиннің туғанына 80 жыл толғанына арнайы бағдарлама. 20.20 «Үміткер». Көркем телефиль